



«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ қауіпсіздік саясаты

Ұшулардың қауіпсіздігін басқару жүйесі біздің негізгі басқару жүйесінің бірі болып табылады және қауіпсіздік саласындағы стандарттар мен әлемдік үздік тәжірибені енгізу жолымен біздің кәсіпорында ұшулардың қауіпсіздік деңгейін үнемі арттыруға арналған, ол өз кезегінде біздің клиенттеріміз бен болашақ серіктестеріміз арасындағы сенімділік пен сенімді қалыптастырады және біздің өндірістік және іскери табысымыздың өмірлік маңызды негізін қалыптастырады.

Ұшулардың қауіпсіздігін басқару жүйесі барлық авиациялық қызметті қамтиды.

Барлық деңгейдегі басшылық пен барлық қызметкерлер Басқарма төрағасынан бастап ұшулар қауіпсіздігін жоғарғы деңгейге жеткізуге жауап береді.

Біз өзімізге міндеттеме қабылдаймыз:

- Барлық тиісті ресурстарды бөлу жолымен ұшулардың қауіпсіздігін басқаруға қолдау **көрсету**.

- Ұшулардың қауіпсіздік саясатын жүзеге асыру және сақтау үшін жеткілікті білікті ресурстардың болуын **қамтамасыз ету**.

- «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ тәуекелдерін жою немесе анағұрлым төмен деңгейге жеткізу мақсатында қауіпті деректерді анықтау үдерісін жасақтау және **қолдану**.

- Ашық және шынайы қауіпсіздік мәдениетіне **жағдай жасау**. Ұшулардың қауіпсіздік мәселесі жөнінде деректерді ұсыну жүйесі арқылы, құқыққа қарсы әрекеттерді, дөрекі ұқыпсыздық немесе ереже немесе үдерістерді қасақана немесе арам ниетті бұзуды негізсіз көрсететін хабарламадан басқа, қауіп деректері туралы хабарлаған қызметкерге күш көрсетудің қандайма болмасын шарасын қабылдаудан қорғауға **кепілдеме беру**.

- Құқықтық және нормативтік талаптар мен стандарттарды мүмкіндігіне қарай **сақтау** және көтеру.

- «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ барлық қызметкерлеріне ұшулардың қауіпсіздігі жөніндегі тиісті және шынайы ақпаратты ұсынуға, орындалумен бірдей қажетті біліктілікті қамтамасыз ету үшін тиісті дайындықты ұсынуға **кепілдеме беру**.

- Берілген шынайы мақсаттармен салыстырғанда ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімділігіне жүйелі түрде баға **беру**.

- Ұшулардың қауіпсіздігі саласындағы тиісті және әрекетті шараларды қабылдауды қамтамасыз ететін басқару үдерістері арқылы әуежайдың ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін **ұстану** және үнемі жетілдіру.

- Ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету стандарттарымен біздің өндірістік үдерістерді қамтамасыз ету үшін қызмет пен жүйелердің сыртқы көздерге сәйкестілігіне **кепілдеме беру**.

Осы саясаттан кез келген ауытқушылық тиісті үлгіде жазылуы тиіс, ал біздің оған байланысты үдерістер біздің құзырлы органмен бірге нақты белгіленген.

Утверждена решением Правления АО «Международный Аэропорт Атырау» от 29.04.2016г